

2011 жылғы 1 сәуірдегі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 сәуірде республикада 13 жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 16 заңды тұлғада бар, оның ішінде 13 қорларда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен бірге, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2 340,8 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 8 016 716 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны наурызда 18 406 (0,23%) ұлғайды, ал жинақталған зейнетақы қаражаты 46,3 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 сәуірде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 26,0%, «МЖЗҚ» – 22,5%, «Ұлар Үміт» – 13,6% және «БТА Қазақстан» - 9,2% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,3%-ы келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 сәуірдегі жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 39 137 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны наурызда 111 бірлікке (0,3%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 103,8 млн. теңгемен 4 080 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылғы наурызда 46,3 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 сәуірде 2 346,5 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі наурыз айында 32,2 млрд. теңгеге (1,7%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 сәуірде 1 915,5 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 586,7 млрд. теңге болды. Наурыз айында «таза» инвестициялық кіріс 18,0 млрд. теңгеге (3,2%) өсті.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	1.01.10	1.01.11	1.04.11	млрд. теңге	
				1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім (%)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 346,5	88,3	3,9
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 915,5	93,8	5,1
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	586,7	15,3	2,7
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	25,0	-	-0,3%-дық тармақ

2011 жылғы 1 сәуірдегі ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 6 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 762,4 млрд. теңге (32,5%), «МЖЗҚ» – 398,1 млрд. теңге (17,0%), «ҰларҮміт» – 307,3 млрд. теңге (13,1%) және «БТА Қазақстан» – 157,7 млрд. теңге (6,7%), «Грантум» - 166,1 (7,1%), «Капитал» - 117,3 (5,0%) немесе жиынтығында осы 6 қорлардың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 81,4%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы наурыз айында 0,1 млрд. теңгеге (0,8%) өсіп, 2011 жылғы 1 сәуірде 13,5 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 207,1 млрд. теңге болды немесе наурыз айында 6,0 млрд. теңгеге (3,0%) өсті.

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау 2 176 алушылар жалпы сомасы 3,1 млрд. теңгеге жүзеге асырды. Зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 сәуірде 18,9 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан

екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару наурыз айында 46,8 млрд. теңгеге (3,9%) ұлғайып, 1 238,2 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы наурыз айында 46,2 млрд. теңгеге немесе 2,0%-ға өсіп, 2 346,9 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 сәуірден бастап 2011 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 32,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	млн. теңге
"Қазақстан халық банкі ЖЗҚ, «Қазақстан халық банкі" АҚ ЕҰ	764 250	32,56
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	399 058	17,00
"Жетысу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	362 307	15,44
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	307 179	13,09
"Аманат Қазақстан" ЖЗҚ" АҚ	55 128	2,35
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	166 479	7,09
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Қазкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	166 479	7,09
"БТА Қазақстан ЖЗҚ» АҚ "БТА Банк" АҚ ЕҰ	154 438	6,58
"Капитал" ЖЗҚ" -"Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	117 466	5,01
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	82 942	3,53
"Еуразиялық ЖЗҚ" АҚ	78 635	3,35
"Нұр-траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	72 312	3,08
"Атамекен" ЖЗҚ" АҰ, "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	72 312	3,08
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	62 805	2,68
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	61 334	2,61
"Қазақмыс" ЖЗҚ" АҚ	24 839	1,06
ЖИЫНТЫҒЫ:	2 346 865	100,00

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2011 жылдың сәуір айында 27,7 млрд. теңгеге немесе 1,22%-ға өсіп, 2 291,2 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі 2011 жылғы 01 сәуірде инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 44,55%-ын құрайды бұл 1 020,8 млрд. теңгеге сәйкес келеді. ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі наурыз айында төмендеуі 2,7 млрд.теңгені құрайды.

2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЖЗҚ инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 31,36% құрады, бұл 718,6 млрд.теңгеге сәйкес келеді. ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі наурыз айында төмендеуі 11,9 млрд.теңгені құрайды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.03.2011ж.		1.04.2011ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 023 508	45,22	1 020 751	44,55
ҚР еурооблигациялары	0	0,00	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	882 542	38,99	916 676	40,01
Ұлттық Банктің ноттары	135 358	5,98	98 585	4,30
жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	5 609	0,25	5 489	0,24
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	204 922	9,06	227 385	9,92
акциялар	61 023	2,70	87 787	3,83
облигациялар	143 899	6,36	139 598	6,09
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0,00	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	53 499	2,36	54 311	2,37
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	34 608	1,53	36 220	1,58
Тазартылған алтын	42 429	1,87	53 517	2,34
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	730 466	32,27	718 567	31,36
акциялар	175 177	7,74	173 219	7,56
облигациялар, оның ішінде	555 289	24,53	545 347	23,80
шетел валютасында номинирленген	21 923	0,97	18 395	0,80
теңгеге номинирленген	533 365	23,56	526 952	23,00
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	174 185	7,70	180 550	7,88
Туынды бағалы қағаздар	-114	-0,01	-113	0,00
Жиынтығы	2 263 505	100	2 291 189	100,00

Эмитенттері бағалы қағаздарды шығару бойынша дефолтқа жол берген 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша бағалы қағаздардың үлесі зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,8%-ын құрады, бұл абсолюттік мәнінде 18,8 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенттері:

– 5 жылдық кезеңінде (2006 жылғы наурыз – 2011 жылғы наурыз) – 37,15% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,23%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 36,26%;

– 3 жылдық кезеңінде (2008 жылғы наурыз – 2011 жылғы наурыз) – 14,32% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 26,78%);

– 12 айға (2010 жылғы наурыз – 2011 жылғы наурыз) – 3,26% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,60%).

2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенттері:

– 2006 жылғы наурыз – 2011 жылғы наурыз кезеңінде – 37,15% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,23%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 36,26%;

– 2008 жылғы наурыз – 2011 жылғы наурыз кезеңінде – 14,32% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 26,78%);

– 2010 жылғы наурыз – 2011 жылғы наурыз кезеңінде – 3,26% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,60%).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 сәуірде 2011 жылғы 1 наурыздағы көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:


- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 2,35 пайыздық тармаққа азайды;

- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,01 пайыздық тармаққа азайды;

- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,43 пайыздық тармаққа азайды.

2010 жылғы қаңтардан бастап 2011 жылғы наурызға дейінгі кезеңде 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 46,16 мәнінен 37,15 мәнге дейін төмендеу қарқыны байқалады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 83,8 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 46,3 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 55,2%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 93,7 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар - наурыз айларында 4 қор («АМАНАТ Қазақстан», «БТА Қазақстан», «Отан») жалпы сомасы 4,2 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 10 қорлар жалпы сомасы 7,2 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 сәуірде 3,0 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 73,7 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 79,6%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 61,4%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 15,0% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 20,3%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 0,6 %-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.04.11
ЖІӨ млрд.теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	19 303,6	21 213,3*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	11,7	11,1
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	9,4	9,0
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	3,0	2,8
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері